

**Бекітемін:**  
Мектеп директоры м.а  
Б.К. Абыкеева



**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмыс жоспары**



**Бекітемін:**  
Мектеп директоры м.а  
\_\_\_\_\_ Б.К. Абыкеева

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім  
бөлімі бойынша Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін  
мектебі» КММ-нің  
2022-2023 оқу жылына арналған  
оқу- тәрбие жұмыс жоспары**

## 2022-2023 о.ж. Бозтал жалпы орта білім беретін мектеп туралы мәлімет

### **Мектептің миссиясы:**

Жалпы орта білім берудің басты мақсатын табысты орындау, өз басымдықтары мен мүмкіндіктерін айқындау, дамып келе жатқан адамды қоғам талабына сай дайындау

**Атауы:** «Ақмола облысы\_білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

### **Мекеменің мекен-жайы: Ақмола облысы ,Ерейментау ауданы**

Бозтал а.о.,Бозтал а.Тәуелсіздік,№13 «б» үй  
+77163336321

**Мектеп типі:** Жалпы орта білім беретін мектеп

### **Алғашқы мемлекеттік**

**тіркелген күні:**

06.11.2014

**Мектеп директоры м.а:**

Абыкеева Бекзат Конакбаевна

**Директордың оқу ісінің орынбасары:** Абыкеева Бекзат Конакбаевна

**Директордың тәрбие ісінің орынбасары:**

Сактаганова Рая Жандарбековна

### **І.Мұғалімдер саны: 23**

Жоғары білімді: 18- 78,3%  
Орта арнаулы 5 - 21,7%  
Сырттан тыс оқитындар 3 - 13%

### **Психолог: 1**

Жоғары білімді 1

### **Тәрбиеші: 1**

Орта арнаулы білімді –1

### **Педагогикалық өтілі бойынша саралау:**

Жас мамандар саны: 2  
1-5 жыл 5  
5-10 жыл 4  
10-15 жыл 2  
15-20 жыл 1  
20 жылдан жоғары 9

### **Санат бойынша саралау:**

Жоғары санат : 1 4,3%  
I категория 2 8,6%  
II категория 0 0%  
Педагог-зерттеуші 0 0%  
Педагог- сарапшы 5 22%  
Педагог- модератор 9 39%  
Категориясыз 4 17,3 %  
Ер мұғалімдер саны 4 18 %

### **Мұғалімдерді әдістемелік жұмыс деңгейімен бөлу:**

Әдістемелік ұйымдар	4
Шығармашылық топ	1

**Оқушылар саны: 141**

Сабақтар ауысымы	1 аусымда		
	буын	саны	класс/комплект
Сыныптар саны	1-4	4	4
	5-9	5	5
	10-11	2	2

### Мектептің жұмыс тәртібі

I-ауысым	Сабақтың басталуы	Сабақтың уақыты	Сабақтың аяқталуы
1- 11 сыныптар	8.30 сағ.	45 мин.	14.30 мин

#### Материалдық-техникалық базаның жағдайы:

Мектепте 1 спорт залы, 1 спорт алаңы, 60 орындықты асхана, 1 компьютер класы /9+1ден/, жаңа модификациядағы биология кабинеті 1 жаңа компьютер, жаңа талапқа сай 2 интербелсенді тақта, 1 шеберхана /ағаш өңдеу/ қызмет көрсету кабинеті, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психолог кабинеті, кітапхана, алғашқы әскери дайындық кабинеті бар. Кітапхана қоры -7537 дана, оқулықтар саны-3181, оқырмандар саны – 166.

Пән кабинеттерінің 15, құжаттандырылған. /математика-1, ағылшын тілі-1, информатика-1, қазақ тілі-1, еңбек-1, орыс тілі-1, бастауыш кабинеттері-4,география-1,биология-1,тарих-1,өзін-өзі тану-1,алғашқы әскери дайындық-1/.

## Бозтал орта мектебінің 2021-2022 о.ж.

### оқу-тәрбие процесінің талдауы

**Мектептің жұмыс тақырыбы:** Оқу -тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды пайдаланып, тұлғаның дамуын қалыптастыру.

**Мақсаты:** Технологияны пайдалануда тұлғаның дамуын қалыптастыру жолдарын жүзеге асыру.Бәсекеге қабілетті білім деңгейін дамыту. Оқу-тәрбие үрдісінде аралық нәтижелер мен білім саласындағы жаңаруды бақылау.Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын қалыптастыру

#### Мақсаты:

1. Білім беру сапасының және тәрбие жүйесінің басқару жұмысы мен нәтижесін анықтау;
2. Әдістемелік жұмыс жүйесінің жұмысы мен нәтижесін анықтау

2019-2020 о.ж. мектептің жұмысы мектеп жұмысының жоспарының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастырылды:

- нормативтік оқу құжаттардың орындалуы;
- педагог кадрлармен жұмыс;
- оқу-тәрбие үрдісін басқару;
- тәрбиелік жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- материалдық-техника базасын жетілдіру

#### Кадрлармен қамту

2022-2023 о.ж. басында мектебіміз педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген.



Жыл басында 23 мұғалім істеуде. Жоғары білімді 18 (78%) мұғалім, орта арнаулы - 5 21,7% мұғалім. Оның ішінде 4 (18%) бастауыш сынып мұғалімі, 3 (13%) қазақ тілі мен әдебиет, 2 (9%) мұғалім орыс тілі мен әдебиет пәнінен, 2(9%) ағылшын тілі, 1 (4%) мұғалім математика, 1 (4%) информатика, 1(4%) география, 1 (4%) тарих, 1 (4%) технология пәні мұғалімі, 1(4%) АӘТД мұғалімі, 1 (4%) дене шынықтыру мұғалімі. Одан басқа мектепте психолог, медбике, тәрбиеші жұмыс атқарады.

Квалификациялық деңгейі бойынша сапалық құрамы келесіні көрсетті: жоғары санатты –1 (4,7%), сарапшы- 5 (22%), модератор- 9 (39%) бірінші санатты – 2 (23%), санатсыз- 4 (17,3 %) мұғалім еңбек етеді.

Жас мамандар 5 жылға дейін – 4 мұғалім (19%), 5 жылдан 20 жылға дейін – 9 мұғалім (42 %), 20 жылдан жоғары – 8 мұғалім (38%).

### **Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру**

Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы. Бозтал жалпы орта білім беретін мектептің ұжымы барлық іс-әрекетін, күш-жігерін осы мақсатпен мектептің даму бағдарламасын, жылдық жоспарын жасап, жұмыстар ұйымдастырды. 2021-2022 оқу жылын 140 оқушы аяқтады және 13 оқушы мектепалды даярлық тобында тәрбие алды.

- Бастауыш буында – оқушы 62 (4/4 сынып-комплект);
- Негізгі буында – 63 оқушы (5/5 сынып-комплект);
- Жоғары буында – 15 оқушы (1/1класс-комплект).

Бозтал орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында шағын орталықтағы бүлдіршіндерді оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырда №195 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2020 12 мамырда №20625 болып тіркелді.

Инвариантты оқу жүктемесі ортаңғы топта- 12 сағат, ересек топта – 14 сағат, мектепалды даярлық сыныбында – 20 сағат.

1-10 сыныптарды оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығына қосымша 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда ана тілі, музыка, бейнелеу өнері, технология пәндерінің аясында іске асырылады, сабақтан тыс мерзімде, сынып сағаттары есебінен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

9 сыныптар үшін міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану негіздері» жахандық құзіреттілік курсына енгізілді, оқытуға 1 сағат апталық жүктеме беріледі. Осы бағыттар бойынша оқушылардың қызығушылық қабілетін, келешекте ие болуға тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру үшін төмендегідей пәндерден қолданбалы курстар жүргізіледі.

### **Оқу жоспарын талдау**

Оқу процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшелері туралы» әдістемелік-нұсқау хаты.-Астана, 2021. пайдаланылды.

Мектептің жұмыстық оқу жоспары

-Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығына 1 қосымша

Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1 қосымша негізінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің оқу жоспары

- Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығына 4 қосымша Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 4 қосымша негізінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің оқу жоспары

-Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығына 8 қосымша

Қ.Р. 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 8 қосымша негізінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жартылыстану- математика бағыты бойынша 10 сынып оқу жоспары

- Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығына 7 қосымша



Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 7қосымша негізінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің 11 сынып оқу жоспары әзірленді.

Бастауыш буында базалық (инвариантты) апталық сағат саны- 96, вариативтік оқу жүктемесі апталық 11сағат.

Негізгі орта буында базалық (инвариантты) апталық сағат саны-157, вариативтік оқу жүктемесі-16 сағат

Жоғары буында базалық (инвариантты) апталық сағат саны 10 сыныпта(жаратылыстану-математикалық бағыт)-32, вариативтік оқу жүктемесі- 6 сағат

11 сыныпта 3 оқушы . Пән мұғалімдері аталған курстарға арнайы авторлық бағдарлама дайындады.

**Мектептің оқу жоспарын талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:**

1. 2021-2022 о.ж. мектептің оқу жоспары толық орындалды, оқу бағдарламалар өтілді.
2. Барлық сатылар бойынша үлгерім бір қалыпта. Білім сапасы соңғы жылдары тұрақты, **56 %-жеткілікті** деңгейде, үлгерімі **100 %**, **оптималды** деңгейде.Оқытудың сапалық деңгейі жоғары деңгейде қазақ әдебиетінен және жаратылыстыну- математикалық бағыт бойынша химия, биология пәндерінен. Жеткілікті жоғары деңгейде география пәнінен. Ұтымды деңгейде:орыс тілі,қазақ тілі,математика, информатика, д/ж тарихы, қаз. тарихы пәндерінің көрсеткіштері. Ағылшын тілі пәнінен білім сапасы жеткілікті деңгейде. Мүмкіндік деңгейде геометрия., математика пәндері. Мұғалімдер сабақтарда жаңа технологияларды ұтымды және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып,оқушылардың білімдерін көтеріп келеді,бірақ келесі кемшіліктер анықталды.Мектебімізде жас мамандар көп тәжірибе аздығы білім сапасына әсер етіп отыр, материалдық база өте төмен тіпті жоқтың қасы.

### **Мектепшілік бақылау**

Мектепшілік бақылау мектепшілік бақылау ережесі бойынша және былтырғы оқу жылының талдау қорытындысында берілген ұсыныстар бойынша 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрыққа сәйкес құрастырылған. 2021-2022 о.ж. мектепшілік бақылау келесі блоктардан құрылды:

- Нормативті құжаттарды орындау;
- Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау
- Оқу процесінің сапасын бақылау
- Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау
- Оқу жоспарын ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын бақылау
- Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау
- Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау

Осы бағыттар бойынша оқу-тәрбие үрдісін бақылауда мынадай негізгі элементтер болды:

нормативті құжаттардың орындалуы

- жалпы оқуының орындалуы;
- оқушылардың білімі мен үлгерімі;
- мектеп құжаттарының жағдайы;
- оқу бағдарламаның және жазба, практикалық жұмыстарының орындалуы;
- қорытынды аттестацияның нәтижесі;
- педагогтардың кәсіби деңгейлерін анықтау;
- мектептің даму жоспарының орындалуы

Бақылау формалары: ағымды, тақырыптық, жеке шолу.

Мектеп құжаттамасының талдауы бойынша ұйымдастырушылық-басшылық құжатнама бар, педагогикалық кеңестің, директор жанындағы кеңестің хаттамаларында жазылып отырылады.

Педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің тақырыптары мектеп жұмысының жоспарына сәйкес, талқылауға шығарылған мәселелер әр түрлі және маңызды.

Номенклатуралық құжаттар қанағаттанарлық жағдайда.

**Оқушылардың жеке іс қағаздары.** Оқу жылы барысында жеке іс қағаздары бірнеше рет тексерілді. Сынып жетекшілер сынып журналына жеке бас істердің нөмірін алфавиттік кітаптағы нөмірлерімен сәйкес жазған, оқушылардың кету немесе келу туралы мәлімет уақытында белгіленген.

**Дәптерлер жағдайы**



Бастауыш сыныпта қазақ тілінен, математикадан 1-ші жартыжылдықта екі рет дәптерлер тексерілді, орта буында қазақ тілінен, математикадан екі рет, химия, биология, физика пәндерінен бір реттен дәптерлер тексерілді. Тексеру қорытындысында мынадай ұсыныстар берілді: түгел дәптерлер қапталған болсын, орфографиялық талаптар орындалсын. 1,5 сыныптарда жалпылама-сыныптық бақылау өтті.

### **1,5 сынып оқушыларының адаптациясы**

Бақылаудың негізгі мақсаты 1-ші сынып оқушыларының мектеп ережелеріне бейімделуі, 5-ші сынып оқушыларының орта буындағы талаптарын орындауы, бейімділігі. Осы мақсатпен 1,5 сыныптарда сабақтарға қатысу болды, 5 сыныпта бақылау үзгі алынды, психолог өз жұмысын ұйымдастырды. Анықтамалар директор жанындағы отырыста қаралды.

### **Фронталдық тексеру**

Жыл ішінде білім сапасын айқындау және кемшіліктерді жою мақсатында 3 рет келесі пәндерден әкімшілік бақылау жұмыстары алынды: алгебра 7,8 сынып, 2 сыныпта математика, 4 сыныпта математика, қазақ тілі пәндерінен.

## **Негізі пәндер бойынша үш жылдың салыстырмалы қорытынды көрсеткіштері:**

### **Пәндер бойынша көрсеткіштер**


#### **Үш жылдың қорытынды нәтижелері:**

	2019-2020 о.ж		2020-2021		2021-2022	
	б/с%	ү/с%	б/с%	ү/с%	б/с%	ү/с%
Қазақ тілі	76,7	100	65	100	72	100
Қазақ әдебиеті	84,5	100	77	100	76	100
Орыс тілі	75,6	100	67	100	72	100
Ағылшын тілі	63	100	55	100	56	100
Математика	74,7	100	56	100	66	100
Физика	47	100	55,5	100	48	100
Информатика	100	100	89	100	100	100
Химия	81,5	100	72	100	67	100
Биология	76	100	72	100	78	100
География	72,5	100	74	100	81	100
Қазақстан тарихы	63,7	100	75	100	73%	100
Дүниежүзі тарихы	67	100	74	100	66%	100
Құқық					50%	100

### ***Мектеп бойынша үлгерім мен білім сапасының 3 жылдық мониторингі***

	2019-2020 о.ж	2020-2021	2021-2022
Үлгерім сапасы	100%	100 %	100 %
Білім сапасы	52%	41%	56 %





2017-2018 оқу жылын 2019-2020 оқу жылын 123+13 даярлық топ аяқтады

2019-2020 о.ж.мектеп бойынша үздік оқушылар саны -19, екпінді оқушылар саны-39.

2020-2021 оқу жылын 131+15 даярлық топты қосқанда, 2021-2022 оқу жылын 140+13 оқушы аяқтады Білім сапасы соңғы 2 жылмен салыстырғанда **-4% өсті, 56 %- мүмкіндік деңгейде**, үлгерімі **100 %**, **оптималды** деңгейде.

Оқытудың сапалық деңгейі жеткілікті жоғары деңгейде география,қаз. тарихы, д/ж тарихы, биология,химия пәнінен. Ұтымды деңгейде:информатика,орыс тілі,қазақ тілі, қаз. әдебиеті көрсеткіштері. Ағылшын тілінен, математика, физика, пәндерінен білім сапасы жеткілікті деңгейде. Үлгерім сапасы барлық пәндерден 100%. Мұғалімдер сабақтарда жаңа технологияларды ұтымды және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып,оқушылардың білімдерін көтеріп келеді,бірақ келесі кемшіліктер анықталды.

Мәселе	Себебі	Міндеттер	Шешу жолдары
Орта буында үздік оқушылардың аздығы	Сабақты дәстүрлі түрінде өткізу, сабақта көбінесе оқулықтағы материалды өту, оқулықта берілген тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды орындау кезінде тапсырманы оқушымен бірге, яғни оқушы өзі емес, мұғалімнің көмегімен орындау, әсіресе жас мұғалімдер арасында байқалады.Коррекциялық сабақтар деңгейі төмен,жүйе жоқ	Әдістемелік бірлестік жұмысы арқылы тиімді педагогикалық технологияларды қолдану; психолого-педагогикалық көмекті қажет ететін оқушыларды анықтау, оларға көмек көрсету	1. 1-2 «3» бар оқушыларға жеке көмек 2. Психологтың, мұғалімдердің бірлесіп жұмыс істеуі. 3. Жас мамандардың сабақтарына тәлімгерлердің жиі қатысу,әдістемелік көмек беру

Жаңартылған білім мазмұны бойынша 1,2,3,5,7,8 сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің бәрі курс өткен.

### 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы

9-сыныпты 7 оқушы аяқтады.

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-бөлігіне, «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 9 хаттамасының 4.1 тармағына сәйкес «2019 - 2020 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 129 бұйрығына сәйкес 9 (10)



және 11 (12) - сыныптардың білім алушылары тапсырмайды, аттестат ағымдағы оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді.

7 оқушының 3-еуі екпінді болды. Ол білім сапасының **43 пайызын** құрайды.

11- сыныпты 3 оқушы аяқтады, 2 –еуі екпінді болды. Үшеуі де еңбекпен қамтылды, жоғары оқу орындарына түсті, 2 түлек Агротехникалық университетке грантқа түсті, 1 оқушы Палодар педагогикалық университетке ақылы бөліміне өтті

### **Ғылыми - әдістемелік жұмыс**

**Мектептің әдістемелік тақырыбы:** «Оқытудың жаңа педагогикалық инновациялық технологиясын қолданып,

мұғалімнің кәсіби құзіретін жетілдіре отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру».

**Мақсаты:** Ұстаздардың кәсіптік шеберлігін арттыру бағытында үздіксіз жұмыс жүргізе

отырып, оқушыларға те-

рең де тиянақты білім беру. Оқу үрдісіндегі жаңа технологияларды зерттеп қолдану, шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздар еңбегін тарату, қабілетті оқушылармен жұмыс ұйымдастыру, жас мамандарға көмек көрсету.

1. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға
2. Кәсіптік шеберлігі шыңдалған ұстаз
3. Жаңашыл ұстаз
4. Оқушы бойындағы дарындылық пен қабілеттілік

### **Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысына талдау мақсаты:**

Оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттеріне сәйкес, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің кәсіби қажеттілігіне байланысты әдістемелік қамсыздандыру тұрғыдан мұғалімдердің кәсіби деңгейін анықтау.

2021-2022 оқу жылында әдістемелік жұмыстың басым бағыты «Білім берудің жаңа технологиялары – педагогикалық үрдістегі тиімділікті арттыру негізі» тақырыбымен белгіленді.

### **Негізгі мақсаты:**

Мұғалімнің кәсіби құзырлығын арттыруға жағдай жасау.

### **Әдістемелік жұмыстың міндеттері:**

1. Педагогикалық үрдіске қатысушылардың шығармашылық және кәсіби белсенділігі дамуының педагогикалық жағдайларына талдау жасау.
2. Мұғалімдердің әдістемелік құзырлығы мен өз бетімен білім алуының арттыру жүйесін жетілдіру.
3. Әлеуметтік сау тұлға ретінде оқушының тәрбие жүйесін жетілдіруге жағдай жасау.
4. Ақпараттық технологиялар негізінде жаңа білім беру ортасын әрі қарай дамуын қамтамасыз ету.
5. Пән мұғалімдеріне оқыту жаңа әдістемелерін қолдану және білім сапасының тиімділігін қолдану үшін жұмыстарына тиімді педагогикалық технологияларын қолдану.
6. Оқушылардың даму динамикасын байқайтын, әр оқытудың кезеңінде біліктіліктің деңгейін белгілейтін диагностикалық жүйесін әзірлеу.
7. Қазіргі заман талаптарына сәйкес білім деңгейін қамтамасыз ету.
8. Оқушылардың өз бетімен білім алу және өзін-өзі дамыту дербестігін өркендету.
9. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен саралап деңгейлеп оқыту жұмысын жетілдіру.
10. Дөңгелек үстел, мастер класс, ашық сабақтар өткізу.
11. Мұғалімдер аудан, облыс, республикалық сайыстарға қатысу.
12. Тәжірибемен алмасу үшін басқа оқу орындарымен, ғылыми зерттеу мекемелермен байланыс жасау, озат педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және енгізу.
13. Оқу жылы барысында әдістемелік күндерінің өткізілуін жоспарлау.
14. Әдістемелік жұмысын бағалау критерийларын анықтау .

### **Күтілетін нәтиже:**

- педагогтардың құзыреттіліктерінің дамуы

Мұғалімдер қол жетерлік білімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындай отырып, білім сапасын арттыру, өздігінен білім алу мен өздігінен дамуға



қабілеті бар, адамгершілігі мол, үйлесімді және дені сау жеке тұлғаны дамытуға білімдерін, мүмкіндіктерін салды.

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істеуде: бастауыш сынып бірлестігі, гуманитарлық бірлестік және политехникалық бірлестік және сынып жетекшілер бірлестігі.

ӘБ жетекшілері мектептің әдістемелік кеңесінің құрамында, олар жұмыстың негізгі бағыттарын үйлестіреді.

Әдістемелік жұмыстың ұйымдастыруында пәндердің оқытылу сапасының және оқушымен бағдарламалық материалдары игеру деңгейінің мониторингісі жүзеге асырылады.

Жыл ішінде тілдер апталығы, жаратылыстану-математика пәндер апталығы, қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы, бастауыш сынып апталығы өтті, онда пән бойынша мұғалімдер сыныптан тыс іс-шаралар көрсетті.

Тілдер апталығында (қазақ, орыс, ағылшын тілдер) мақал-мәтел сайысы, викторина, әдеби кеш өтті және күнде әр таңертеңгілікте пәндерге қызуғышылық тудыру үшін қызықты шаралар өтті.

Математика, информатика апталығында әр таңертеңгілікте жұмбақтар шешілді, қызықты есептер шығарылды. Одан басқа мұғалімдер «Тапқыр информатиктер», «Графикалық суреттер», «Математикалық сайыс» математика-информатика пәндері бойынша зияткерлік сайыстар өткізді.

Технология, бейнелеу пәндердің апталығында «Үздік жоба» сайыс, «Үздік орындалған техникалық сурет» интеллектуалдық ойын, «Ең үздік сурет» сайысы өтті.

**Өткен апталықтар ішінде әлсіз жағы:** мектептегі іс-шараларға ата-аналар белсенді қатыспайды. Оқушылардың қатысуы да көңіл толарлық емес.

**Бозтал орта мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылында өткен онкүндіктер мен апталықтардың КЕСТЕСІ**

Р/№	Онкүндіктер мен апталықтар атауы	мерзімі
1	Тілдер апталығы	қыркүйек
2	“Сабақ барысында ойын технологиясын тиімді қолдану” тақырыбында шағын орталық, МАД тобының апталығы	наурыз
3	Эстетикалық пәндердің апталығы	қаңтар
4	Бастауыш сынып бірлестігінің апталығы «Жаңа әдістемелік технологияларды сабақта қолдану»	желтоқсан
5	«Оқыту мен оқудың белсенді әдістерін қолдану арқылы жаңа ғасыртұлғаны тәрбиелеу» жаратылыстану-математикалық бірлестіктің апталығы	қараша
6	“Үштілділік- заман талабы” тақырыбында қоғамдық-гуманитарлық бірлестіктің апталығы	ақпан
7	Аудандық семинар	қараша

Бастауыш әдістемелік бірлестігінің 2021 – 2022 оқу жылында 14.02 – 25.02 аралығында «Жаңаша оқыту-жетісік көзі» тақырыбында эстетикалық пәндерінен өткізілетіу

апталық талдауы

2021 – 2022 оқу жылында «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -нің бастауыш әдістемелік бірлестігінде 5 – бастауыш мұғалімі қызмет етеді. Жоғары санатты – 1, Модератор – 2, Санатсыз- 2. Барлық мұғалімдер диплом бойынша мамандықтарымен қызмет етеді.


№	Өтілетін сабақ	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сынып	Пән	Мерзімі	Уақыты	Жауаптылар
Апталықтың салтанатты ашылуы			Бастауыш		14.02.2022		Бастауыш сынып мұғалімдері
1	Ашық сабақ	Қазақ оркестрінің тұңғыш ұйымдастырушысы А.Жұбанов	3	Музыка	16.02.2022	10.55 – 11.40	Тулеубаева Р.С.
2	Ашық сабақ	Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі	4	Көркем еңбек	17.02.2022	8.20-9.05	Қолғанат А
3	Ашық сабақ	Жарыс ойындары	2	Дене шынықтыру	18.02.2022	8.30-9.15	Рахимова Г.К.







Математика	2-4	49	61%	49	67%	49	69%	50	66%
Қазақ тілі	2-4	49	63%	49	65%	49	71%	50	68%
Әдебиеттік оқу	2-4	49	69%	49	78%	49	71%	50	74%
Жаратылыстану	3-4	35	86%		86%	49	77%	50	82%
Дүниетану	-	-	-	49	82%	49		50	82%
Ағылшын	2-4	49	63%	49	61%	49	63%	50	72%
Орыс тілі	2-4	49	73%	49	76%	49	76%	50	76%
Білім сапасы									
Бастауыш бойынша									



#### Міндеттері:

- \* оқушылардың сауаттылығын жетілдіру;
- \* әр оқушының білім деңгейін көтеру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану;
- \* мониторинг жүргізу арқылы жеке қабілеттерін ашу;
- \* оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
- \* үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету;
- \* жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
- \* оқу-әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
- \* оқу-тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану

2021 – 2022 оқу жылында жыл бойы гуманитарлық әдістемелік бірлестіктің жүргізілген жұмыстардың сараптамасы

- 24 тамыз күні күнтізбелік тақырыптық жоспар тексерілді. Жоспар құру барысында жіберілген қателіктер бойынша ескертулер айтылды және түзетуге уақыт берілді
- 2021 – 2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды, бекітілді. Сабақ кестесі құрылғаннан кейін күнтізбелік -тақырыптық жоспарға күндер қойылды.
- 06 қыркүйек күні ҚР халқының Тілдері күні мерекесінің жоспары құрылып бекітілді. ГӘБ қызметкерлері жоспармен танысты.



- 07 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің А.С. Шайхудинова, тарих пәнінің мұғалімі



мұғалімі



А.Қожахметова қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, педагог, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының

150 жылдығына арналған сабақтар өткізді.



➤ Кітапханашы А.Т.Секуова «Ұлылардың ұлысы – Абай» кітап көрмесін ұйымдастырды.

➤ 08 қыркүйек күні тіл мамандарының ұйымдастыруымен «Біз - Абай жолындамыз» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары эссе жазды.



➤ 09 қыркүйек күні бастауыш сынып мұғалімдері А.Құнанбаевтың табиғат тақырыбындағы шығармалары аясында «Табиғат – ғажап әлемі» суреттер көрмесін ұйымдастырды. Суреттерін фото есеп ретінде жіберді.

➤ 10 қыркүйек күні қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жылдығына орай 8 – 11 – сынып оқушылары эссе жазды

➤ 13 қыркүйек күні тіл мамандары қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жылдығына орай өлеңдерден мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды. Оқушылар өлеңді мәнерлеп жатқа айтқан бейнежазбаларын жіберді.



➤ 14 қыркүйек күні 1 – 11 – сынып жетекшілері қазақтың лирик ақыны, әдебиеттанушы, жазушы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арнап сынып сағатын өткізді.

➤ 15 қыркүйек күні тілі мамандары, бастауыш сынып жетекшілері «Ана тілім – ардағым» тақырыбында өлеңдерді мәнерлеп оқу байқауын өткізді. Оқушылар өлеңді мәнерлеп жатқа айтқан бейнежазбаларын жіберді.

➤ 16 қыркүйек күні тарих пәнінің мұғалімі А.Т.Секуова тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты «Қазақстан – бірлігі бекем, тағдыры ортақ – Мәңгілік ел» тақырыбында сабақ өткізді.

➤ 17 қыркүйек күні Тілдер онкүндігінде белсенділік танытқан оқушыларды марапаттау рәсімі өткізілді.

➤ Бозтал орта мектебі бойынша 2021 жылғы 06 – 17 қыркүйек аралығында өткен іс – шаралардың бәрі әлеуметтік желілерге жіберілді

➤ «Ана тілім – ардағым» тақырыбында өткен тәлдер онкүндігінде белсенділік танытқан оқушылар марапатталды



➤ Аудандық «Менің кіші Отаным» байқауына қатысқан 9 – сынып оқушысы Байбекова Мадина. Жетекшісі: А.Қожахметова

➤ «Ақберен» республикалық байқауына қатысып, эссе жазу номинациясы бойынша II орынға ие болған 11 – сынып оқушысы Лайық Алия (жетекшісі Р.Ж.Сақтағанова),

III орынға ие болған 8 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан (жетекшісі А.С.Шайхудинова).

Қараша айының 15 мен 26 күндері аралығында 8 – 11 – сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі мен әдебиет, ағылшын тілі, тарих пәндерінен мектепшілік олимпиада өткізілді.

Олимпиадаға 8 – 10 – сынып аралығындағы 13 оқушы қатысты.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен орындарға ие болған оқушылар:

I орын – Амантай Диляла (9 – сынып оқушысы)

II орын – Қайрат Мерей (8 – сынып оқушысы), Маханбетова Аружан

(8 – сынып оқушысы), Болатбек Жансая (8 – сынып оқушысы), Лайық Алия (11 – сынып оқушысы)

III орын – Торсанова Арай (8 – сынып оқушысы), Мұқамет Айсауле

(10 – сынып оқушысы)



Орыс тілі мен әдебиет пәнінен орындарға ие болған оқушылар:

I орын – Молдашев Нурдаулет (10 – сынып оқушысы), II орын – Махметова

Аяулым (8 – сынып оқушысы), Қайрат Мерей (8 – сынып оқушысы),

III орын – Байбекова Мадина (9 – сынып оқушысы), Серік Аңсар (11 – сынып оқушысы).

Ағылшын тілі пәнінен орындарға ие болған

I орын – Болатбек Жансая (8 – сынып оқушысы), II орын – Жарқын

(8 – сынып оқушысы), III орын – Махабетова Аружан (8 – сынып

Тарих пәнінен орындарға ие болған оқушылар:

I орын – Байбекова Мадина (9 – сынып оқушысы), II орын – Қайрат

(8 – сынып оқушысы), III орын – Маханбетова Аружан (8 – сынып оқушысы)

I орынға ие болып, аудандық олимпиадаға жіберілетін оқушылардың тізімі.



оқушылар:  
Марғұлан  
оқушысы)

Мерей



Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен – 9 – сынып оқушысы Амантай Диляра  
 Орыс тілі пәнінен – 10 – сынып оқушысы Молдашев Нурдаулет  
 Ағылшын тілі пәнінен 8 – сынып оқушысы Болатбек Жансая  
 Тарих пәнінен – 9 – сынып оқушысы Байбекова Мадина



➤ 02 – 15 желтоқсан айының күндері «Қалыптастырушы бағалау: ерекшеліктері мен қолданылуы» тақырыбында гуманитарлық әдістемелік бірлестік онкүндігі өтті. Онкүндік өту барысында әр пән мұғалімі өз кәсіби шеберліктерін жоғарғы деңгейде көрсетті.

➤ 02 желтоқсан күні онкүндіктің ашылу өткізілді. Жоспармен мұғалімдер таныстырылды.



рәсімі

➤ 03 желтоқсан күні тарих пәнінің мұғалімі А.Т.Секуова «Коммунизм саясаты» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Қалыптастырушы бағалаудың түрлерін (өзін – өзі, өзара бағалау) қолдана алды.

«Әскери жүйелі



➤ 03 желтоқсан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.С.Шайхудинова «Не? Қайда? Қашан?» 8-9-10 – сынып оқушылары арасында зияткерлік сайысын өткізді. Сайыс барысында клубтың мүшелері түрлі сұрақтарға жауап берді. Өкінішке орай кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмады.


➤ 06 желтоқсан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі



Р.Ж.Сақтағанова «Семей полигонының зардабы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ өз мақсатына жетті.

Бүгінгі өмірмен байланыс болды.

➤ 06 желтоқсан күні тарих пәнінің мұғалімі А.Қожахметова «1822 – жылдардағы патша реформалары» атты тақырыпта ашық сабақ өткізді. Сабақ жақсы деңгейде өтті.



➤ 07 желтоқсан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Б.Қ.Абыкеева «Қызықты қазақ тілі әлемі» тақырыбында 5,6,7 – сынып оқушылары



арасында сайыс өткізді. Қызықты тапсырмалар болғандықтан, оқушылар белсенді қатысты.

➤ 08 желтоқсан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Б.Қ.Абыкеева «Уақыт құдіреті» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Инновациялық технологияларды тиімді қолдана алды.



➤ 08 желтоқсан күні тарих пәнінің А.Т.Секуова «Сандар сөйлейді» тақырыбында сынып оқушылары арасында сайыс өткізді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты сайыс.



мұғалімі 8,9,10,11 –

өткізілген

➤ 08 желтоқсан күні тарих пәнінің мұғалімі А.Қожахметова

«Шайқас» тақырыбында 7,8,9,10,11 – сынып оқушыларының арасында сайыс өткізді. Сайыс барысында «Геродот кестесі» өте тиімді қолданылған әдістердің бірі болды.

➤ 09 желтоқсан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Р.Ж.Сақтағанова 7 – сынып оқушылары арасында «Тапқыр достар» сайысын өткізді.

➤ 10 желтоқсан күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Қ.Айтжанова «Animals» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне тапсырмалар дайындалған.



сай

➤ 10 желтоқсан күні орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі С.Р.Нурбекова «Абай и Пушкин – созвучие двух





сердец» тақырыбында әдеби кеш өткізді. Кеш барысында оқушылар өз өнерлерін паш етті.

Ақындардың өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты, әнін орындады.

- 13 желтоқсан күні орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі С.Р.Нурбекова «Мы строим города села» тақырыбында ашық сабақ өткізді.
- 14 желтоқсан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.С.Шайхудинова «А.Құнанбайұлы. Жетінші қарасөзі» тақырыбында ашық сабақ өткізді.
- Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Д.И.Қопабаева отбасылық себепке, ал ағылшын тілі пәнінің мұғалімі М.Ө.Жунусова денсаулыққа байланысты онкүндікке қатыса алмады.
- Гуманитарлық әдістемелік бірлестік онкүндігі жоспар бойынша ойдағыдай өтті. Ашық сабақ өткізу барысында пән мұғалімдері түрлі инновациялық технологияларды тиімді қолданды. Қалыптастырушы бағалаудың түрлерін қолдана алатындарын дәлелдеді. Онкүндікте өткен ашық сабақтар бойынша мәліметтер әлеуметтік желіге жүктеліп отырды.
- 10 қаңтар күні күнтізбелік тақырыптық жоспар тексерілді. Жоспар құру барысында жіберілген қателіктер бойынша ескертулер айтылды және түзетуге уақыт берілді
- 31 қаңтар күні «Ахмет тағылымы» тақырыбында өтетін онкүндіктің жоспарымен әріптестер таныстырылды.



1 сәуір күні сынып жетекшілер А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай сынып сағаттарын өткізді

- 2 сәуір күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.С.Шайхудинова А.Байтұрсынұлының шығармасын (үзінді) графикасымен диктант жазғызды
- 3 сәуір күні тарих пәнінің мұғалімі

А.Қожахметова «Алаш мұраты және тәуелсіздік құндылығы» тақырыбында танымдық сабақ өткізді

- 4 сәуір күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Б.Қ.Абыкеева «А.Байтұрсынұлы. «Егіннің бастары» мысал өлеңі тақырыбында танымдық сабақ өткізді
- 7 сәуір күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Р.Ж.Сақтағанова «А.Байтұрсынұлы – рухани көсем» тақырыбында эссе жазғызды



8 сәуір күні орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Д.И.Қопабаева «Он совесть и судьба эпохи» тақырыбында танымдық сабақ өткізді

10 сәуір күні бастауыш сынып мұғалімдері түрінде «Ахмет оқулары» байқауын өткізді

- 11 сәуір күні көркем еңбек пәнінің Хумар Алиман «А.Байтұрсынұлы шығармаларының әлемі» сурет байқауын ұйымдастырды

- Халықаралық «British Bulldog» байқауына қатысып, I орынға – сынып оқушысы Лайых Әлия, 9 – сынып оқушысы Байбекова оқушысы 3 – сынып оқушысы Жанат Батыр



- «Абай оқулары» аудандық байқауында 8 – сынып оқушысы Айтжан Мақсұтхан I орынға ие болып, облыстық байқауға жолдама алды. 12 мамыр күні облыстық оқулары» байқауына қатысып II орынға ие болды.



онлайн мұғалімі



ие болған 11 Мадина,

- «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадаға үшін сертификатпен марапатталғандар: 8 – сынып оқушылары Аружан, Болатбек Жансая, Қайрат Мерей, Торсанова Арай. III болғандар: 9 – сынып оқушылары Амантай Диляра, Байбекова Мадина.

- Тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстарының сараптамасы.

Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес, 2021 – 2022 оқу жылында оқушылардың білім, білік, дағдыларын анықтау мақсатында гуманитарлық әдістемелік пәндерінен тоқсандық бақылау жұмыстары алынып, білімдері тексерілді. Пәндер бойынша көрсеткіш төмендегідей:



қатысқаны Маханбетова орынға ие

Пән	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Қазақ тілі	77%	85%	73%	66%



Қазақ әдебиеті	75%	86%	78%	86%
Орыс тілі мен әдебиет	79%	71%	72%	63%
Ағылшын тілі	49%	53%	49%	59%
Қазақстан тарихы	62%	74%	64%	68%

Жіберілген негізгі қателер: емлелік, орфографиялық; ерекше сөз оралымдарын қолдана алмауы; көркемдік құралдардың қолданысын анықтамау; тарихи кезеңдердің маңыздылығын нақты сипаттай алмауы; ағылшын тілінен гармматикалық қателіктердің жіберілуі, шет тілдегі сөздерді жаттамауы.

Әкімшілік қорытындысы бойынша оқушылар бағдарлама материалдарын меңгерген. Мұғалімдер оқушылардың каллиграфиялық жазу дағдыларын және грамматикалық сауаттылығын дамытуға байланысты жұмыстарды күшейтуі қажет

➤ Қорытындылай келе, гуманитарлық пәндер бірлестігінің мұғалімдері оқушылардың ой– өрісін, сөйлеу мәнерін дамыту, тілдік қорын молайту, қазақ тілін, тарихын жетік біліп, өзге тілдерді меңгерту жолында онлайн түрінде зияткерлік сайыстар, әдеби-сазды кештер, ашық сабақтар ұйымдастырып, өткізді. Биылғы жылда анықталған кемшіліктерді алдын алу үшін келесі оқу жылына жаңа міндеттер жоспарладық.

➤ **2022 – 2023 оқу жылында гуманитарлық әдістемелік бірлестік мұғалімдеріне қойылатын мақсат – міндеттер:**

- 1) бір- бірімен тәжірибе алмасып, үнемі өзара сабақтарға қатысып отыру;
- 2) әрбір сабаққа дайындалу кезінде жұмысқа жауапкершілікпен қарау;
- 3) әрбір мұғалім өз білімін, өз тәжірибесін жаңа тәсілдермен толықтырып отыруы керек;
- 4) ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылы

**2021-2022 оқу жылының  
жаратылыстану-математикалық әдістемелік бірлестігінің атқарылған  
жұмысына сараптама**

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Білім берудің жаңашыл бағыттары-білім берудің сапалық кепілі»

Әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Жан-жақты дамыған жаңа ғасыр тұлғасын тәрбиелеу»

Мақсаты: оқытудың жаңа инновациялық технологиясын енгізу арқылы саралап оқыту принциптерін жүзеге асыру, ой-өрісі дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- \* оқушылардың сауаттылығын жетілдіру;
  - \* әр оқушының білім деңгейін көтеру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану;
  - \* мониторинг жүргізу арқылы жеке қабілеттерін ашу;
  - \* оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
  - \* үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету;
  - \* жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
  - \* оқу-әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
  - \* оқу-тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
  - \* ата-ана, мектеп, қоғам, психолог арасындағы байланысты жетілдіру;
  - \* мектепшілік, қалалық деңгейдегі пәндік олимпиада, интеллектуалды ойындарға, байқауларға қатысу.
  - \* оқушы бойындағы өзін – өзі дамыту, өзін – өзі тәрбиелеу, өзін өзі басқару, шешімін таба білу қабілеттерін қалыптастыру;
  - \* жаңа заман талабына сай ізденгіш, жауапкершілігі зор, талапты жеткіншек қалыптастыру
- Жаратылыстану-математикалық әдістемелік бірлестігінің мұғалімдерінің сапалық құрамы:



№	барлығы	жоғары біліммен	орта арнаулы	жоғары санатты	I санатты	II санатты	санатсыз	модератор	эксперт-сарапшы	исследователь-зерттеуші	мастер
1	9	7	2	1	3	2	3	4	3	1	-

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің 4 отырысы өтті.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің I отырысы өтті.

I-отырыстың тақырыбы: «Жылдық сараптама, талаптар мен міндеттер»

- 25 тамыз күні пән бағдарламалары бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарлар тексеріліп, бекітілді. жоспар құру барысында жіберілген қателіктер бойынша ескертулер айтылды және түзетуге уақыт берілді.
- Мектепшілік сабақ кестесі құрылғаннан кейін күнтізбелік тақырыптық жоспарларға күндер қойылды.
- Жаңа 2021 – 2022 оқу жылына арналған жаратылыстану – математикалық бірлестіктің жұмыс жоспары құрылды, бекітілді.
- Әдістемелік нұсқау хат және нормативтік құжаттар қарастырылды.
- Пән бойынша мұғалімдер КИО олимпиадаларға қатысты.

Нәтиже: - география пәнінің мұғалімі А.Ж.Кульжаханова II дәрежелі диплом иегері;

- география пәнінің мұғалімі А.Ж.Кульжаханова II дәрежелі диплом иегері;

- I-ші тоқсан қорытындысы жасалды:
  - \* Пән мұғалімдерінің мониторингі жасалып, тапсырылды
  - \* Қазан айының 5 – 15 күндер аралығында БЖБ алынды
  - \* Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес оқушылардың білім, білік дағдыларын анықтау мақсатында жаратылыстану – математикалық әдістемелік пәндерінен тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстары алынып, білімдері тексерілді.
- ТЖБ – лар бойынша сараптамалар тапсырылды, модерация жүргізіліп, хаттамалары толтырылды.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің II отырысы өтті.

II-отырыстың тақырыбы: «Шығармашылықты дамыту проблемалары мен оларды шешу жолдары» . отырыста қарастырылған сұрақтар:

- 5-сынып оқушыларының орта буын бағдарламасына төселуі.

Пән мұғалімдері осы сұрақ бойынша сөз сөйлеп, қиындық туғызатын мәселелерді ортаға салып, бір шешім қабылдады.

- 2021-2022 оқу жылының қараша айының 25.11 – 09.12 аралығында 8 - 11 сыныптар арасында математика, физика, география, биология, информатика пәндерінен мектепшілік олимпиада өтті. Олимпиадаға жалпы 35 оқушы қатысты, оның ішінде математика – 9 оқушы, физика – 6 оқушы, география – 6 оқушы, биология - 6, информатика – 8.

Жалпы қорытынды бойынша оқушылар олимпиада тапсырмаларын орташа деңгейде орындады.

Олимпиада тапсырмалары 2 турдан құрастырылды және барлық жұмыстар талапқа сай толтырылды.

Оқушылардың қорытынды ұпайлары есептеліп, хаттамаға жазылды.

- Аудандық олимпиадаға ұсынылатын оқушылар:

Оқушылардың аты- жөні	Сынып	Пәні
Молдашев Нурдаулет	10	математика
Қажмұрат Арман	10	география
Қажмұрат Арман	10	физика
Жарқын Марғұлан	8	биология
Амантай Диляра	9	информатика

I-жартыжылдық бойынша бақылау жұмыстары мен жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы бойынша ТЖБ жүргізілді, тоқсандық қорытындылар шығарылып, мониторингтері жасалды.



Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің III отырысы өтті.

III-отырыс: «ЖМЦ пәндер сабақтарында оқытудың жаңа инновациялық технологияларын енгізу» (баяндау, тәжірибелік есептер)

- Мектепшілік отырыста I жарты жылдыққа есеп беру
- II жарты жылдық бойынша жаратылыстану – математикалық әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары тексерілді. Қателіктер жіберген мұғалімдерге ескертулер айтылды.
- 9 және 11 сыныптары үшін емтиханға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру: оқу ісінің орынбасары Б.Қ.Абыкееваның құрылған кестесі бойынша пән мұғалімдері емтиханға дайындық сабақтарын жүргізуде.

24.01 – 02.02 аралығында жаратылыстану - математикалық пәндер онкүндігі өтті.

Мектеп көлемінде ұйымдастырылған онкүндіктің негізгі мақсаты:

- мүмкіндігінше мектептің барлық оқушыларын белсенді қатыстыру;
- оқушылардың ойлау қабілеті мен математикалық қабілеттерін арттыру;
- математика - жаратылыстану пәндерінен білімдерін тереңдету;
- осы пәндерге деген қызығушылығын арттыру.

